

## Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 маусымда № 17021 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі**

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.04.2022 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 28-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.04.2022 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.04.2022 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі*

*М. Әбілқасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2018 жылғы 22 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Бозымбаев

2018 жылғы 25 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ Н. Айдапкелов

2018 жылғы 23 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықта әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2018 жылғы 18 мамырдағы  
№ 193 бұйрығымен  
бекітілген

**Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.04.2022 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 28-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізуді және бақылауды жүзеге асыру мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда кадрлардағы елішілік құндылық үлесін есептеуге, сондай-ақ өтінім берушілердің жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстарды даярлауына арналған.

3. Кадрлардағы елішілік құндылық жұмыскерлердің әр санаты бойынша бөле отырып, келісімшартты орындауға жұмылдырылған персоналдың жалпы санында қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтуылуың мәнін айқындау негізінде белгіленеді.

4. Қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы мынадай санаттар бойынша айқындалады:

- 1) бірінші санат – басшылар мен олардың орынбасарлары;
- 2) екінші санат – құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- 3) үшінші санат – мамандар;
- 4) төртінші санат – білікті жұмысшылар.

Бірінші санатқа басшылар мен олардың орынбасарлары жатады.

Екінші санатқа Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (бұдан әрі – Еңбек кодексі) белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары жатады.

Үшінші санатқа Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар жатады.

Төртінші санатқа Еңбек кодексінде сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады.

5. Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде қазақстандық кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болған жағдайда, қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы мынадай санаттар бойынша айқындалады:

- 1) бірінші санат – басқарушы құрам;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар.

Бірінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның құрамына кіретін адамдар, олардың орынбасарлары, филиалдардың басшылары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың жекелеген бағыттағы қызметін басқаруды, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру мен бақылауды қоса жүзеге асыратын адамдар жатады.

Екінші санатқа жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың құрылымдық бөлімшелерін басқаратын және жер қойнауын пайдаланушының қызмет процесіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын қызметкерлер, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оператордың штатында тұратын, арнайы білімі және жұмыс дағдысы, тәжірибесі бар қызметкерлер жатады.

Үшінші санатқа Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес біліктілік талаптарына сай келетін білікті жұмысшылар жатады.

6. Тиісті санаттар бойынша қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуын мынадай формула бойынша айқындалады:

$V_{КС} h = \text{-----} \times 100 \%$ , мұндағы:  $V_0$

-  $h$  – кадрлардағы елішілік құндылықтың үлесі;

-  $V_{КС}$  – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны;

-  $V_0$  – келісімшартты орындауға жұмылдырылған тиісті санаттағы персоналдың жалпы саны.

Есептеу мысалы:

Екінші санат бойынша қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуын есептеу үшін бастапқы деректер:

( $V_0$ ) – жер қойнауын пайдаланушының келісімшартты орындауға жұмылдырылған екінші санаттағы персоналының жалпы саны 1200 адамды құрайды;

( $V_{КС}$ ) – тиісті санаттағы қазақстандық кадрлардың саны 1000 адамды құрайды.

Осы санаттағы қазақстандық кадрлардың пайыздық қамтылуы:

$1000 h = \text{----} \times 100 \% = 83 \% - \text{ды құрайды.}$

1200

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің 2018 жылғы  
18 мамырдағы № 193  
бұйрығына қосымша

## **Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6618 болып тіркелген, 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 9-10 (26412) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2. "Кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 319-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6553 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 қарашадағы № 461-468 (26311) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

3. "Кадрдағы қазақстандық үлесті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 320-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 23 ақпандағы № 58-ө-м бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 24 сәуірде № 7599 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы № 231-235 (27309) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

4. "Кадрлардағы қазақстандық қамтудың ең аз санын есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 319-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 77-ө-м бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 9 сәуірде № 7531 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы № 231- 235 (27309) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

5. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 249 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 мамырда № 13729 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 июня № 143 (28871) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).